

2012-2014 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 2-37с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 қаңтарда N 13-13-153 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 ақпандағы N 02-03-03/40 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 14.02.2013 ақпандағы N 02-03-03/40 хаты)

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 75-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Сәйкесінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2012-2014 жылдарға, соның ішінде 2012 жылға арналған Уәлиханов ауданының бюджеті келесі көлемде б е к і т і л с і н :

1) 2012-2014 жылдарға арналған Уәлиханов аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2012 жылға келесі көлемдерде б е к і т і л с і н :

1) кірістер – 2 010 807,1 мың теңге, соның ішінде мыналар бойынша:
салықтық түсімдер – 196 798 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 6 545,8 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсім – 3 623 мың теңге;
трансферттер түсімі – 1 803 840,3 мың теңге.

2) шығындар – 2 052 364,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 27 269 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 29 124 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 1855 мың теңге;

4) қаржылық активтерімен операциялар бойынша сальдо – 16 641 мың теңге,
о н ы ң і ш і н д е :

қаржы активтерін сатып алу – 16 641 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы – 85467,3 мың теңге;

б) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру – 85 467,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012.12.06 N 2-8с Шешімімен (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді)

2. 2012 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

біржолғы талондар бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардан жеке табыс салығының түсуін қоспағанда жеке табыс салығы;

әлеуметтік салығынан;

жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

жер салығынан;

көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығынан;

акциздер, республикалық бюджетке аударылатын акциздерден басқа;

жер учаскелерін пайдаланған үшін төлем;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар, республикалық бюджетке аударылатын алымдардан басқа;

тіркелген салық;

мемлекеттік баждар, республикалық бюджетке аударылатын мемлекеттік баждар және консулдық алымдардан басқа.

3. Аудандық бюджеттің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

аудан әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі мүліктерді жалға беруден түскен кірістер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері мына негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

Ауыл шаруашылық нысандағы жер учаскелерінен басқа жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

5. Аудандық бюджеттің кірістері мыналар есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түскен түсімдер.

6. 2012 жылға арналған аудан бюджетін орындау кезінде 4-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар секвестрге жатпайтыны белгіленсін.

7. 2012 жылға арналған аудандық бюджеттің шығыстарында ауылдық жерлерде қызмет ететін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету

, мәдениет мамандарына әлеуметтік көмек көрсетуге, отын сатып алуға төлемдер көзделгені белгіленсін.

8. Ауылдық (селолық) жерлерде қызмет ететін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт азаматтық қызметкерлердің, осы қызмет түрімен айналысатын қалалық жағдайдағы азаматтық қызметкерлердің жалақы және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайыздан кем емес тарифтік ставкалар және лауазымдық жалақылары жоғарылауы белгіленсін.

9. Ауданның жергілікті атқарушы органның 2012 жылға резерві 3 200 мың теңге көлемінде бекітілсін.

10. 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес 2012-2013 жылдарға арналған әрбір ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалары бекітілсін.

11. Бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақыны толық көлемінде төлеу қамтамасыз етілсін.

12. 2012 жылдың аудан бюджетінің шығындарында белгіленсін, 451.007.000 «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасы бойынша 8-қосымшаға сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек қарастырылған.

13. 2012 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер келесі мөлшерде ескерілсін:

1) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу үшін – 11 103 мың теңге;
2) мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру үшін – 7 542 мың теңге;

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру үшін – 64 800 мың теңге;

4) «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығын іске асыру үшін – 9 988 мың теңге, оның ішінде:

жалпы орта, негізгі орта және бастауыш білім беру мемлекеттік мекемелердің химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жабдықтау үшін шығындар – 8 188 мың теңге;

үйде оқылатын мүгедек балаларды жабдықтау, бағдарламалық қамтымен қамтамасыз етуге – 1 800 мың теңге;

5) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын енгізуге – 844 мың теңге ;

6) жетім сәбиді (жетім балалар) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сәбиді (балаларды) асырап бағу үшін қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайын ақша қаражаттарын төлеуге – 8 800 мың теңге;

7) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ - ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға – 502 мың теңге;

8) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға – 12051 мың теңге;

9) «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы аясындағы іс-шараларды іске асыруға 28 853 мың теңге, соның ішінде: көшуге арналған субсидиялар беру – 882 мың теңге;

10) «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы аясында өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруда ауылдық (селолық) округтерін жайластыру мәселелерін шешуге – 2338 мың теңге.

11) жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы аясында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға – 0.

12) жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй салу және сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды салу және (немесе) сатып алу және дамыту – 4 940 мың теңге.

13) жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыру – 0;

14) «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысы аясында ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу – 43615,3 мың теңге;

- Чернигов орта мектебін күрделі жөндеуіне – 35136 мың теңге;

- Құлықөл мәдениет үйін күрделі жөндеуіне – 8479,3 мың теңге.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012.03.06 N 2-2с; 2012.04.17 N 2-3с; 2012.08.08 N 3-5с; 2012.11.20 N 2-7с; 2012.12.06 N 2-8с Шешімдерімен (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді)

14. Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 29 124 мың теңге көлемінде 2012 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер есепке алынсын.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012.04.17 N 2-3с Шешімімен (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді)

15. 2012 жылға арналған аудан бюджетінде келесі көлемде облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есепке алынсын:

1) жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй салу және (немесе) сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды

салу және (немесе) сатып алу және дамыту – 28 511 мың теңге;

2) «Ұрпақ қорына» бала табуды ынталандыру бойынша бағдарлама шеңберінде әлеуметтік көмек төлеу үшін – 27 718 мың теңге;

3) білім беру объектілеріне өртке қарсы дабылдауларды орнату, өрт сөндіргіш құралдарын сатып алу, ағаштан жасалған жабылған жабындары (конструкцияларды) өңдеу үшін – 500 мың теңге;

4) білім беру мекемелеріне бейнебақылау аппаратурасын сатып алу және орнату үшін – 299 мың теңге;

5) Бидайық орта мектебінің екінші корпусын қалпына келтіру үшін күрделі жөндеуге - 25 000 мың теңге;

6) елді мекендердің жер-шаруашылық құрылымын орналастыру үшін – 1 679 мың теңге;

7) елді мекендердің шекараларын белгілеу үшін – 1 699 мың теңге.

8) жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы аясында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдардың дамуына аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері – 0;

9) ветеринария бөлімінің жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту – 8 000 мың теңге.

10) ID-Phone қосуға – 434 мың теңге;

11) білім беру ұйымдарына оқу құралдарын сатып алуға – 368 мың теңге.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012.03.06 N 2-2с; 2012.04.17 N 2-3с; 2012.08.08 N 3-5с; 2012.11.20 N 2-7с Шешімдерімен (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді)

15-1. 9-қосымшаға сәйкес аудандық бюджеттің шығыстары қаржылық жыл басына 58 198,3 мың теңге сомада қалыптасқан аудандық бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2011 жылы пайдаланылмаған республикалық және облыстық бюджеттерден 3762,1 мың теңге сомада берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен көзделсін, тұрғын үй салуға толық пайдаланылмаған кредиттер - 24746,0 мың теңге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға – 7803,1 мың теңге көзделсін;

Ескерту. Шешім 15-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012.03.06 N 2-2с Шешімімен (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді)

16. Осы шешім 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың

х а т ш ы с ы

С. Ыдырысов

Ә. Бейсенбаев

КЕЛІСІЛГЕН:

« Уәлиханов ауданының
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі »
мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж. Ғабдуллин

Уәлиханов аудандық мәслихатының
2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 2-37с
сессиясының шешіміне 1-қосымша

2012 жылға арналған Уәлиханов ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012.12.06 N 2-8с Шешімімен (2012.01.01
бастап қолданысқа енеді)

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
		Атауы		
1	2	3	4	5
			1) КІРІСТЕР	2010807,1
1			Салықтық түсімдер	196798
	01		Табыс салығы	870
		2	Жеке табыс салығы	870
	03		Әлеуметтік салық	117477
		1	Әлеуметтік салық	117477
	04		Меншікке салынатын салықтар	58860
		1	Мүлікке салынатын салықтар	35098
		3	Жер салығы	2840
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	19122
		5	Бірыңғай жер салығы	1800
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	17009
		2	Акциздер	1244
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	10792
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4844
		5	Ойын бизнесіне салық	129
	08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2582
		1	Мемлекеттік баж	2582
2			Салықтық емес түсімдер	6545,8
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5805,8

		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1162
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	3,8
		9	Мемлекеттік меншіктен түсетін басқа да кірістер	4640
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	20
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	20
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	720
		01	Басқа да салықтық емес түсімдер	720
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3623
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	190
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	190
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3433
		01	Жерді сату	3433
4			Трансферттер түсімі	1803840,3
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1803840,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1803840,3
Функционалдық топ				
	Әкімшісі			Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама			
	Атауы			
1	2	3	4	5
			2) ШЫҒЫНДАР	2052364,4
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	191107,1
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	11684
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11684
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	58754
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51970
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6784
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	98360
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	98360
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	13785,1
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12070,6
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	113,2
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және біржолғы талондарды сатудан түскен сомаларды толық алынуын қамтамасыз ету	617

	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	200
	011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	784,3
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	8524
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8524
2		Қорғаныс	4812
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4812
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4212
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	500
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	100
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	789
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	789
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	789
4		Білім беру	1379765
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	828
	005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	828
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	149227
	009	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету	84266
	021	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін балабақшалар, шағын орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайту	161
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	64800
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1166015
	003	Жалпы білім беру	1124828
	006	Балаларға қосымша білім беру	20961
	063	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыру	502
	064	Бастауыш, негізгі орта, жалпыға бірдей орта білім беру ұйымдарының (дарынды балаларға арналған мамандандырылған (жалпы үлгідегі, арнайы (түзету); жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған	11890

		балаларға арналған ұйымдар): мектептердің, мектеп-интернаттарының мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ұлғайту	
	005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	7834
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	63695
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10838
	015	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	8800
	020	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	1800
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	42257
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	145067
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	119740
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	40613
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	31
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1826
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	35910
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	474
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	12141
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	14601
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	1947
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	12197
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	25327
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23802
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1114
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	411
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	160765,8

123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	243
	007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	243
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2566
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	2500
	031	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	66
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	568
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	568
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	35286
	026	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	35286
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	74046,5
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	25540,4
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	8264
	022	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдардың дамуы	35014,1
	072	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде тұрғын жай салу және (немесе) сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту (немесе) сатып алу	5228
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	8479,3
	027	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	8479,3
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	14800
	008	Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру	3834
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4629
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6337
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	24777
	007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	24777
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	83009
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	8752
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	8752
457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	19904,9
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	19904,9
457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2686
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	948

	010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1738
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	7181
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7181
457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	22027,2
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	21655,2
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	372
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	7480
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7180
	003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	300
457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	14977,9
	001	Жергілікті деңгей мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11042
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3935,9
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	46857
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	21754
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13412
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	800
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	7542
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14000
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9174
	003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	2641
	006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	2185
474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	11103
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	11103
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	6809
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6809
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6809
12		Көлік және коммуникация	8822

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8822
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8822
13		Өзгелер	15743
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	2338
	040	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	2338
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	5796
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5796
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	100
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	100
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7509
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7429
	013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	80
14		Борышқа қызмет көрсету	3,8
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	3,8
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	3,8
15		Трансферттер	8814,7
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	8814,7
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	5486,7
	024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3328
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	27269
		Бюджеттік кредиттер	29124
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	29124
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	29124
	009	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	29124
Санаты			
	Сыныбы		Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		

5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1855
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	1855
		1 Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1855
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	16641
		Қаржы активтерін сатып алу	16641
13		Басқалар	16641
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	2641
		014 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	2641
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	14000
		065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	14000
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-85467,3
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	85467,3
Санаты			
	Сыныбы		Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
7		Қарыздар түсімі	29124
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	29124
		2 Қарыз алу келісім-шарттары	29124
Функционалдық топ			
	Әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
16		Қарыздарды өтеу	1855
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1855
		008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1855
Санаты			
	Сыныбы		Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	58198,3
	1	Бюджет қаражаты қалдықтары	58198,3
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	58198,3

Уәлиханов аудандық мәслихатының
2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 2-37с
сессиясының шешіміне 2-қосымша

2013 жылға арналған Уәлиханов ауданының бюджеті

Санаты	

Сыныбы				Сомасы, мың теңге
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5,0
			1) КІРІСТЕР	1 703 455,0
1			Салықтық түсімдер	168 575,0
	03		Әлеуметтік салық	115 542,0
		1	Әлеуметтік салық	115 542,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	36 914,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	13 875,0
		3	Жер салығы	2 851,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	18 368,0
		5	Бірыңғай жер салығы	1 820,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	14 095,0
		2	Акциздер	1 117,0
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	9 757,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 043,0
		5	Ойын бизнесіне салық	178,0
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер	2 024,0
		1	Мемлекеттік баж	2 024,0
2			Салықтық емес түсімдер	1 236,0
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	1 236,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 236,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3 208,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3 208,0
		01	Жерді сату	3 208,0
4			Трансферттердің түсімдері	1 530 436,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 530 436,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5,0
			2) ШЫҒЫНДАР	1 703 455,0
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	184 855,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	11 101,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11 101,0

	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	54 013,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	54 013,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	98 207,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	98 207,0
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	12 386,0
		001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 646,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	151,0
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және біржолғы талондарды сатудан түскен сомаларды толық алынуын қамтамасыз ету	589,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	9 148,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 148,0
2			Қорғаныс	5 474,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5 474,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4 832,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	535,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	107,0
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	844,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	844,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	844,0
4			Білім беру	1 239 613,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	886,0
		005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	886,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	80 314,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	80 314,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	1 147 796,0
		003	Жалпы білім беру	1 117 379,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	22 428,0

	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	7 989,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	10 617,0
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 617,0
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	105 729,0
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	81 812,0
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	27 132,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	1 365,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	9 243,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	4 220,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	367,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	13 060,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	24 402,0
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	2 023,0
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	23 917,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 287,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	630,0
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	23 715,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	11 826,0
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	4 228,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5 055,0
	010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	107,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 436,0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11 889,0
	007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту	11 889,0
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	76 110,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	16 733,0
